

Шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өнімдеріне бағаны реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Бағаның өсуі және экономикада төлемдердің жасалмауы шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өніміне баға өктемдігін орнатуға байланысты екенін ескеріп, сондай-ақ жаңа баға саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

екі апта мерзім ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің республикалық және жергілікті рыноктардағы басымдық жағдайын анықтау жұмыстарын жүргізсін;

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерді - табиғи монополияшыларды Мемлекеттік тізілімнен өткізумен қатар шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылар: құбыр желілері арқылы мұнай және газ тасымалдау жөніндегі кәсіпорындарды, темір жол көлігін, байланысты, электр энергетикасын, су шаруашылығы жүйелерін, аэронавигацияны, әуе қозғалысын басқаруды әуежаймен (қызмет көрсету) атын атап Мемлекеттік тіркеуден өткізсін;

1994 жылдың 1 қарашасына дейін шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың аты аталған Мемлекеттік тіркелімін республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Монополиялық бағалардың деңгейіне бақылауды күшейту үшін Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне:

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасының Статистика және анализ жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуімен өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) өзіндік құнына кіретін шығындардың құрамы туралы қолданылып жүрген Ережеге сай министрліктердің (ведомстволардың) ұсынуы бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылар өндіріп және сатып отырған өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) өзіндік

құнына кіретін шығындардың құрамы туралы салалық ережелерді бекітуге;
өзіндік құнның, өндіріс көлемдері мен инфляция деңгейінің өзгеруіне
байланысты шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың
монополиялық жоғары пайдасын реттеу туралы шешімдер қабылдауға рұқсат
б е р с і н .

Ескерту. 1-тармақтың 3-ші абзацында сөздер алмастырылған - ҚРМҚ-нің
1995.04.27. N 565 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармақтың 3-ші абзацынан сөздер алынып тасталды - ҚРМҚ-нің
1995.05.04. N 610 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармақтың 3-ші абзацына өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің
1996.03.12. N 301 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.05.08. N 811
қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.05.13. N 828
қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.08.08. N 1243
қаулысымен .

2. Тұтынушылардың құқын қорғау мақсатында шаруашылық жүргізуші
субъектілер - табиғи монополияшылардың өніміне баға көтеру жиілігі тоқсанына
бір реттен аспайтын етіп тоқсан басындағы айдың 1-күні бұқаралық ақпарат
құралдарында алдын ала хабарлана отырып жүргізіледі деп бекітілсін. Бағаның
көтерілуі туралы алдын ала хабарлау тәртібін бұзған кәсіпорындар - табиғи
монополияшыларға Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992
жылғы 17 наурыздағы N 245 қаулысымен бекітілген (Қазақстан
Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 11, 197-бап) Мемлекеттік баға тәртібін
бұзушылыққа экономикалық санкциялар қолданудың тәртібі туралы Ережеде
көзделген экономикалық санкциялар қолданылады.

Ескерту. 2-тармағының талаптары ерекшелік ретінде қаралып,
Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір
өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасының
Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі
мемлекеттік комитеті электрэнергиясына қолданылып
жүрген тарифтерді 1996 жылдың 1 ақпанынан бастап
орта есеппен 4 процентке арттырсын - ҚР Үкіметінің
1996.01.25. N 102 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан
Республикасының Статистика және анализ жөніндегі мемлекеттік комитетімен
бірге келесі тоқсанға болжамдап отырған инфляцияның қарқыны туралы
ақпаратты өтіп жатқан тоқсанның соңғы айының 25-не дейін орталық баспасөзде

4. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылдың 1 қаңтарына дейін мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының, бюджеттік ұйымдарының (мемсараптау, денсаулық сақтау мен білім берудің мемлекеттік мекемелері, жерге орналастыру, тазалық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қадағалау, автомобиль инспекциясы және басқалар) ақы төленетін жұмыстары мен қызмет көрсетулеріне баға прејскуранттары мен тарифтерін белгілесін.

5. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы 1994 жылдың 1 қарашасына дейін мемлекеттік кәсіпорындар - табиғи монополияшылардың қатысуымен құрылған олардың қызметін қайталайтын шаруашылық жүргізуші құрылымдарды анықтап, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуімен оларды таратсын. Осы құрылымдарға қосылған мемлекет қаражатын, дивидендтерін ескере отырып, қайтаруды қамтамасыз етсін. Технологиялық жағынан қажет мемлекеттік меншік нысанындағы кәсіпорындардан басқа мұндай шаруашылық жүргізуші субъектілер құруға алдағы уақытта тыйым салынсын.

6. Экономикада бағаны жаудыруды азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті жергілікті әкімдермен бірлесе отырып, 1994 жылдың 1 желтоқсанына дейін әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық объектілерді шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың балансынан жергілікті әкімдердің қарауына кезең-кезеңмен өткізу механизмін әзірлесін.

7. Қазақстан Республикасының Статистика және анализ жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Баға жөніндегі монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуімен 1994 жылдың 1 қарашасына дейін шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өнімге (жұмысқа, қызмет көрсетуге) кеткен шығындардың құрамы жөнінде ай сайын толық есеп беріп тұруды енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы, Қазақстан Республикасының Қаржы бақылау комитеті шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың нақты шығын құрамы мен түскен пайдасының көлеміне кем дегенде жарты жылда бір рет бірлесіп тексеру жүргізіп отырсын. Тексеру нәтижелерінде Үкіметке баяндап отырсын.

9. Үкімет шешімдеріне енгізілетін қоса беріліп отырған өзгертулер бекітілсін.

10. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

11. Министрліктер мен ведомстволар, жергілікті әкімдер бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіретін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 19 қазандағы
N 1171 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРТУЛЕР

1 .

2 .

Ескерту. 1,2-ші тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен .

3 .

4 .

Ескерту. 3,4-ші тармақтар күшін жойған - ҚРМК-нің 1995. 09.26. N 1283 қаулысымен .

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 қарашадағы N 1176 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993ж., N 46, 550-бап):

3 - т а р м а ғ ы н ы ң :

а) "б" тармақшасындағы "баға белгілеу органдарына" деген сөздер "Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне және оның аумақтық органдарына" деген сөздерімен алмастырылсын;

ә) "е" тармақшасының екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Баға комитеті, облыс әкімдерінің, Алматы және Ленинск қалалық әкімдерінің баға белгілеу органдары" сөздері "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның аумақтық органдары" деген сөздермен алмастырылсын;

б) "и" тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің

жанындағы Баға комитетінің және облыс әкімдерінің, Алматы және Ленинск қалалық әкімдерімен баға белгілеу органдарының шешімдерін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің, оның аумақтық органдарының шешімдерін" сөздерімен алмастырылсын;

в) "к" тармақшасындағы "баға белгілеу органдары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдары" сөздерімен алмастырылсын;

г) "л" тармақшасындағы "баға белгілеу органдары" және "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің жанындағы Баға комитетіне" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдары" және "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне" деген сөздермен алмастырылсын;

д) "н" тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Баға комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті" деген сөздермен алмастырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 1 9 қ а з а н д а ғ ы
N 1 1 7 1 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған шешімдерінің ТІЗБЕСІ

1. "Бағаны ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 қаңтардағы N 3 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 1, 7-бап) 10 және 14-тармақтары.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекеттік баға тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкция қолдану тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 17 наурыздағы N 245 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 11, 197-бап) бекітілген Мемлекеттік баға тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкция қолдану тәртібі туралы Ереженің 10-тармағының бесінші абзацы, 11-тармағының бесінші және жетінші абзацтары.

3. "Мемлекеттік баға тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкциялар қолдану тәртібі туралы Ережеге толықтырулар туралы" Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 28 тамыздағы N 714 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 34, 519-бап).

4. "Сауда және жабдықтау-өткізу ұйымдары бойынша сауда үстемелерінің мөлшерлері мен рентабельдіктің шекті деңгейлері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 735 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 356 550-бап) 2-тармағы .

5. "Монополист кәсіпорындардың еркін (нарықтық) бағалар бойынша өткізетін өнімдеріне бағаларды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 814 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 37, 570-бап) 2-тармағы және 6-тармағының екінші абзацы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 маусымдағы N 547 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 25, 304-бап) 1-тармағының сегізінші - он екінші абзацтары және 2 - тармағы .

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 қарашадағы N 1176 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 46, 550-бап) 2-тармағының "а" тармақшасы және 3-тармағының "е" тармақшасы.

8. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ұлттық валютаның енгізу жағдайында бағаның өсуін шектеу жөніндегі төтенше шаралар туралы" 1993 жылғы 12 қарашадағы N 1121 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 желтоқсандағы N 1302 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 50, 604-бап) 1-тармағының алтыншы абзацы және 3-тармағы.

9. "Жекелеген қызмет түрлеріне тарифтер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 маусымдағы N 639 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 26, 275-бап) 1-тармағының екінші абзацы.